

ҒТАХР 18.45.91

АКТЕР ӘНУАР БОРАНБАЕВТЫҢ ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІН СОМДАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ

М.Б. Жаксылыкова

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
topjargan@mail.ru

Мақалада Қазақстанның халық артисі, көрнекті театр және кино актері Ә.Боранбаевтың актерлік шеберлігі қарастырылған. Оның замандас бейнесін жасаудағы өзіндік ерекшелігі бірқатар рольдеріне талдау жасау арқылы анықталды. Ә.Боранбаевтың актерлік қасиеті оның сахналық тілге айрықша көңіл бөлгендігімен байланыстыра талданған. Актер ойнаған рольдерінің көркемдік деңгейі, ізденіс аясы сараланды. Актердің қазақ ұлттық сахна өнерінің дамуына қосқан қомақты үлесі бағаланды. Сондай-ақ, актер шығармашылығының қазіргі ұлттық орындаушылыққа тигізген ықпалы талданды. Жалпы Ә.Боранбаевтың қазақ руханиятына қосқан зор еңбегі тарқатыла баяндалды.

Түйін сөздер: *Ә.Боранбаев, театр, шығармашылық, спектакль, сценография, режиссер, актер.*

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы - халқымыздың жүріп өткен жолына, басынан кешкен күрделі, сындарлы кезеңдерді насихаттауымен ғана емес, сонымен бүгінгі мемлекетіміздің уығын қадап, керегесін кеңейткен ұлы тұлғалардың қосқан қомақты үлесін қадірлеуімен қымбат. Аталмыш мақалада айтылған: «*Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы*» [1], – деп еді Елбасы, бұл пікірі көкейге қонымды. Келешекті жоспарлауда бізге дейін не жасалды, біздің жолымыз қандай деген сауалдарды қойып, өткен тарихымызды саралап, халық қайраткерлерінің иігілікті істерін, келер ұрпаққа үлгі етудің әбестігі жоқ.

Ұлттық өнердің де өркендеуіне перзенттік парызымен қарап, сүбелі үлес қосқан ардақты азаматтар аз емес. Солардың бірі қазақ өнерінде өз сара жолын салып, қайталанбас актерлік қолтаңбасын қалдырған - Әнуар Боранбаев. Оның қазақ мәдениетіне сіңірген өлшеусіз еңбегін саралап, сол арқылы сахнагердің шығармашылығын насихаттаудың да маңызы зор.

«Театрдағы сахналық кейіпкерді сомдайтын – актер. Актер сахнада шығармашылық процесс кезінде пьеса материалын өзіне сүйене отырып болмыс, шындық туралы ой-түсінігімен, өмірлік тәжірибесіне және эстетикалық сезім түйсігі арқылы үнемі байытып, толықтырып отырады. Бұл тұста актердің бойында орындаушылық өнерге қоса шығармашылық суреткерлік қасиеттің де болуы шарт. Актердің бейне сомдауы спектакльді қоюшы режиссердің түсіндірмесі негізінде өмірге келеді. Өнердің өзге түрлеріндей театр да өмір шындығын көркем бейнелер жүйесі арқылы жеткізеді» [2; 252]. Сондықтан, актерлік өнері, оның шеберлігі әрқашанда көрерменнің қойылымды қабылдауында маңызды роль атқарады.

Көрнекті актер Ә.Боранбаевтың шығармашылығы жайында ой қозғар болсақ, ең алдымен, аға буын артистер туралы тоқталмай өтуге кетуге болмады. Қазақ актерлік өнерінде өшпес із қалдырып, ұлттың рухын, қажыры мен қайратына айналған тұлғалар аз емес. Арғысы Қалыбек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов, Қанабек Байсейітов, Күләш Байсейітова, Сабира Майқанова, Шәкен Айманов, Нұрмұқан Жантөрин, Зәмзәгүл Шәріпова, Ыдырыс Ноғайбаев, Фарида Шәріпова, т.б. сынды ата буын сахнагерлеріміз ұлттық актерлік мектептің негізін салып, даму бағыттарын анықтап берген болатын. Содан бері бірнеше толқын актерлер легі сол мектептің керегесін кеңітіп, әлемдік деңгейдегі орындаушылық өнердің қыр-сырын меңгеріп, өздерінде танытып келеді. Солардың қатарында ерекше сахналық бейнелерімен есте қалғаны - Әнуар Боранбаев. Сахна майталманының ізденістері жан-жақты болды. Ол тарихи спектакльдерде де, ұлттық немесе аударма классиканы да еркін меңгеріп, суреткерлік қарымын көрсеткен шебер еді.

«Ірі тұлға, дара дарын, қазақ театры мен кино өнерінің төрінде ерекше орны бар Қазақстанның халық артисі Әнуар Боранбаев өнер жолына өткен ғасырдың 1960 жылдарының соңында келіп қосылды. Отыз жылдық шығармашылық ғұмырында ұлттық өнерге өзіндік қолтаңбасын қалдырып, ұрпақтар жадынан өшпейтін көркем бейнелер галереясын жасады. Шежірелі керемет дарын иесі

ретінде сомдаған бейнелеріндегі ұлттық мінезі, азаматтық ажары, жан-сезімі көрермендерді ерекше тербейтін» [3; 10] – деп жазады өнертану докторы, профессор Б.Нұрпейіс актер жайында. Ғалым атап көрсеткен ерекшеліктер шын мәнінде Ә.Боранбаев жасаған бейнелерге тән. Өнерпаздың жанр талғамайтын шеберлігі, ізденісі әр алуан спектакльдердің көркем идеясын арттырып отырғандығы әрдайым жазылып жүр.

Әнуар Боранбаев 1971 жылы ақын-драматург Қ.Мұқашевтың «Дала дастаны» драмасында Ілияс ролімен алғаш рет сахнаға шығып, өзінің шеберлігін танытқан еді. Осы сахналық бейнесін қазақтың көрнекті жазушы-драматургы С.Мұқанов та жоғары бағалаған.

Біз бұл мақаламызда дарынды актердің замандас бейнесін сомдаудағы ерекшелігі мен шеберлігін анықтауды мақсат тұтамыз. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін артист репертуарындағы замандастар бейнесін тереңірек қарастыру көзделеді. Ә.Боранбаев өз шығармашылығында жетпістен астам бейнелерді мүсіндеп, соның нәтижесінде ешкімге ұқсамайтын актерлік қарымы мен қабілетін таныта алды. Ал замандастар бейнесіне оның Таһауи Ахтановтың «Беу қыздар-ай!» комедиясында (1969 ж.) – Әубәкір, 1972 жылы қойылған «Бөлтірік бөрік астында» комедиясында – Әнуар, Қалтай Мұхамеджановтың «Жат елде» драмасында (1969) – Бекмырза, «Біз періште емеспіз» спектаклінде – Жәкен Сабырбаев (1988), Әкім Таразидің «Жолы болғыш жігітінде» (1972) – Бөкен, 1978 жылы Дулат Исабековтың «Әпкесінде» – Темір, 1982 ж. Шыңғыс Айтматов пен Қалтай Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесуінде» – Досберген, сол жылы Роллан Сәрсенбаевтың «Нартәуекелінде» – Қасенов, 1983 жылы Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кемесінде» – Момын шал, 1985 жылы Софы Сматаяевтың «Жұлдызым менің жоғары» спектаклінде – Рақмет, 1987 жылы Алтыншаш Жағанованың «Мазасыз әйел» – Нұрлан, 1994 жылғы Асқар Сүлейменовтің «Қыздай жесір – штат қысқартуында» – Аханов, т.б. сынды сүйікті рольдерін жатқызуға болады.

«Театр тарихы дегеніміз – кезеңдік спектакльдердің тарихы» деген екен өнертану докторы, профессор Бағыбек Құндақбайұлы. Кәсіби сыншы айтқандай Әнуар Боранбаев ойнаған қойылымдар арасында кезеңдік спектакльге айналғандары қаншама. Солардың бірі көрнекті қазақ жазушы-драматургы Дулат Исабековтың «Әпке» драмасы ұзақ жылдар бойы М.Әуезов атындағы академиялық театр сахнасынан түспей халық сұранысы мен сүйіспеншілігіне бөленген шығарма. Осынау отбасылық драмадағы орталық кейіпкерлердің бірі Темірді Ә.Боранбаев ойнап, спектакльдің ажарын ашатын. Театртанушы Б.Құндақбайұлы: «Темірдің «тентектігімен» бірге, оның бойындағы адамгершілік сипаттың баяндалуына қабілетті актер Ә.Боранбаев толық көре білген. Сондықтан оның Темірі қаншама бұлқанталқан болып жатса да кек тұтпайтын, барынша адал, сөзіне берік, досын сүйсіндіретін, дұшпанын күйіндіретін кесек кимылға бара алатын жан. Актердің рольді үлкен қызулықпен бастап, соңғы жағын ойлы да парасатты әрекетке құруы кейіпкер бейнесін толық ұғудан туған» [4; 456], – деп жазады премьерадан кейін жарық көрген мақаласында. Байқап отырғанымыздай, жалындаған албырт жігіттің мінезі-құлқын жеткізудегі актердің мазмұнды да, құнарлы ойыны драманың көрігін қыздырып, көрерменнің мол әсер алуына тыңғылықты қызмет еткенін көреміз. Темір ролін орындау барысында Ә.Боранбаев актерлік айқындаушы құралдың бірі – импровизация, яғни сахналық тапқырылықты кеңінен қолданған. Оның спектакль барысында серіктестерімен қарым-қатынас құра білу актерлік шеберліктің биік деңгейін байқатты. «Acting is generally agreed to be a matter less of mimicry, exhibitionism, or imitation than of the ability to react to imaginary stimuli» («Актерлік шеберлік, әдетте, мимика, эксгибиционизм немесе еліктеуге ғана емес, қиялды ойната білу қабілетіне де байланысты») [5; 54]. Шын мәнінде, актер Әнуардың ең басты жетістігі оның шығармашылық қиялының кеңдігімен өлшенсе керек. Ә.Боранбаевтың актерлік кемелдігін кеңінен мойындатқан келесі бір ролі Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» спектакліндегі – Момын шал еді. КСРО және Қазақстанның халық артисі, Халық қаһарманы, режиссер Әзірбайжан Мәдиұлы Мәмбетов сахналаған бұл қойылым актердің мерейін асырғаны рас.

Ізгілік пен зұлымдықтың мәңгі күресін баяндайтын оқиғаның трагедиялық астарын өз ойын өрнегімен ашқан актер Ә.Боранбаевтың асқан шеберлігі осы спектакльде айқын көрініп еді. Тепсе темір үзетін жігіт шағында (ол кезде актер небәрі отыз бес жаста болатын) өмірден теперіш көріп, көзінің ағы мен қарасы – жалғыз қызы Бекейдің бақытсыз тағдырына куәгер болған сорлы әкенің сүреңсіз де, мағынасыз тіршілігін көрсету Ә.Боранбаевтан көп ізденісті талап еткені сөзсіз. 1984 жылы «Лениншіл жас» газетіне «Ақ кеме» спектаклі жайлы пікір білдірген журналист Сейтхан Есенғұлов өз мақаласында: «Адам бойына сияр бар ізгі-ниетті автор Елпек Момынға берген. Оның бар мақсаты әл-ауқаты жеткенше көптің кеудесіне ізгіліктің дәнін егуге бағышталған. Осыншама ауыр жүк қарттың жүйкесін тоздырды, ақыры зұлымдықтың құрбаны болды. Оразқұл бастаған обырлар оны да «жұтып» қойды. Осы бір бала жанды қағылез аяулы қарттың бейнесін – Әнуар Боранбаев айыз қандыра ойнап шықты. Нағыз кейіпкержандылықтың (перевоплощение) куәсі болдық» [6; 262] – деп жазады. Расында, жастығына

қарамастан қарияның іс-әрекетін, қимыл-қозғалысы және дауыс үні мен ырғағын орайластыра тапқан Әнуар Боранбаевтың ойынына сенбеу мүмкін емес еді. Аталмыш мақалаға тағы бір назар салсақ: «Еңкіштеу тартқан жүріс-тұрысы, сөз саптасы да өзгеше. Артына қаратылған алақанын уқалай жүруі де шынайы шыққан. Ол алақаны қышығаннан уқалап жүрген жоқ. Кімге болса да көмегімді тигізсем, көмек етсем деген қамқорлықтан қышиды» [6; 262] – деп, актердің бейне жасаудағы ерекшеліктерін сипаттап беріп, әрі қарай: « – Құдай-ау, мына қартайған қақпас мені алып, менің орныма қызым Бекейге бір шикі өкпені қисаңшы зарлатпай» – деп, өз тағдырына налитын монологында Момын шал – Әнуар қандай әсерлі. Зал ішін күңіретіп, көрерменін елтіп, елжіретіп жібереді. Бұл роль Ә.Боранбаевтың актерлік арсеналының ішіндегі ең шоқтығы биік болды» [4; 262], – деп баға береді. Бұдан актердің Момын шал бейнесін тек сыртқы нышандарын ғана емес, ішкі психологиялық тебіренісінде, бұйығы мінезін дөп басып сомдағанын байқаймыз.

Актер Ә.Боранбаевтың шеберлігі ең алдымен оның әуезді үні, қоңыр дауысының ерекшелігінен байқалатын. Сахнагердің сөзге деген құрметі, сөздің астар-ажарын ашудағы қабілеті, сөз құбылту, екпінді дәл тауып қою сынды қасиеттері бүгінгі жас ұрпақ актерлерге үлгі деуге болады. Белгілі театр сыншысы Ә.Сығай: «Өкінішке орай, эксперименттік ізденістер, пластикалық қабілет деп, сахналық сөз техникасын, тіл ұштау, ұстарту мәселелерін екінші кезекке ысырып, аласапыран даңғаза әуенмен әуестеніп, тарс-тұрс, у-шу сыртқы әсер мен еліріп жатқан кемшіліктерге көз жұма қарағандаймыз. Сахна тек қана ым-ишарат, қимыл-қозғалыс, қол сермеу мен аяқ көтеруден тұрмаса керек. Диалог, монологтар – кейіпкердің ішкі үні, актердің жан лебізі», [7; 200] – деген екен. Сахнадағы кейіпкердің сөзі түсініксіз болса, онда спектакльдің көркемдік қуаты, мән-мазмұны кемитіндігін қырағы сыншы дұрыс байқаған. Осы тақылеттес ойды өнертану кандидаты А.Мұқан былай: «Бірақ актерлер қандай типтегі кейіпкерді, образды сомдамасын әр бейненің өзіне тән ерекшелігінің арасынан айтар сөзінің, жеткізер ойының көрерменге айқын жетуін назарда ұстағаны абзал. Бұл – асыға-аптыға, кіжіне, айқайлай сөйлейтін актерлердің бәріне қатысты кемшілік. Айтқан сөзінің соңын актердің эмоциялық сезімі немесе сахналық іс-әрекеті жұтып жатуы орынсыз. Актерлердің бар даусымен айқайлап сөйлеуден, көрерменді тез шаршатып, орындаған рольді бірсарынды етер көріністерден аулақ болуын қалар едік» [8; 312] – деп білдіреді. Қазіргі таңда да қазақ сахнасында дикциясы анық емес, тұтығып сөйлейтін, дем-тыныстары дұрыс қойылмаған актерлердің өріп жүргені жасырын емес. Ал, шын мәнінде, ұлттық болмысымыз бен кодымыз көп жағдайда қазақ тілімен байланысты десек, сахналық тілге енжар қарауға болмайтыны анық. Осы ретте, қазақ театр өнері тарихында ойып орнын алған суреткер Ә.Боранбаевтың шығармашылығына да мән бере қараудың қажеттілігі туады. Өнерпаздың үндік-интонациялық құбылысынан ұлттық нақыштың табы сезіліп тұратын. Көкмекейден шыққан күмбірлеген қоңыр үн құлақты баурап, санаңа сыналап еніп жататын. Сөзді жаттап алғандай емес, өз ойынан, өз жанынан шығып жатқандай жан бітіре сөйлегенде көрерменнің айызы қанып, эстетикалық ләззатқа бөленетін. Актердің сөзге деген жоғары құрметін осыдан да сезуге болады.

Ә.Боранбаевтың шығармашылығында кино өнерінің жөні бөлек. Қазақ ұлттық киносының дамуына да қисапсыз еңбек еткен актердің жиырмадан астам фильмде ойнаған рольдері бар. Солардың арасында ерекшелік айтары – Тастан бейнесі. «Гаухартас» фильміндегі Тастанды кім білмейді десеңізші. Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін сүйсініп көретін «Гаухартас» шығармасы Ә.Боранбаевтың актерлік шеберлігін мойындатқан еді. Қарапайым шопанның өміріне мән-мағына сыйғызып көрерменнің көңілін баураған актердің ойын өрнегі – нағыз өнер туындысы. Замандас бейнесін сомдауда өнерпаз үлкен ізденістерге барып, көрушісін сендіре білетін. Тұжырымдай айтсақ, өз замандастарының бейнесін сомдауда ерекше актерлік нақышын тауып, қолтанбасын қалыптастырған Ә.Боранбаев – кейіпкержандылық мектебінің өкілі деуге негіз бар.

Актерлік өнерде кездесіп жатар ең күрделі міндет – замандас бейнесін сомдау. Классикалық немесе тарихи спектакльдерде грим мен костюмнің көмегіне сүйене отырып, ойнап кетуге мүмкіндік мол. Ал замандастарға бағытталған заманауи спектакльде сәл ғана фальш, жасандылық кездесе көрерменнің қатал сынына ұшарарыңыз сөзсіз. Актер осыны бар болмысымен сезінетін, санасымен ұғынатын. Өмірдегіні сахнаға сүйреп шықпайтын қасиеті оны өзгелерден ерекшелендіріп-ақ тұрады. Бір ойнаған ролін екіншісіне ұқсатпауды сахналық мақсаты тұтатын Ә.Боранбаевтан өскелең ұрпақ, яғни, болашақ сахнагерлердің үйренері, әрине, көп. Актердің сахна тілімен жұмыс жасауы, кейіпкердің «рухани тіршілігін» қопара көрсету қабілеті мен шеберлігі – үлкен артистік мектеп білеміз. Сөз соңында, Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтқанындай Әнуар Боранбаевтай еліміздің ұлы тұлғаларын насихаттаудан жалықпайық дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н. (2018) Ұлы даланың жеті қыры. <http://www.akorda.kz/kz/>. 21.08. 2018.
2. Байлин Ә. (2014) Қоғам және театрдағы жаңашылдық //ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. №1 (35).
3. Нұрпейіс Б.К. (2019) Ә.Боранбаевтың ұлттық шығармалардағы бейне сомдау шеберлігі // «Қазақ ұлттық театр және кино мектебінің даму контекстіндегі Ә.Боранбаевтың актерлік мұрасы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференциясына арналған баяндама.
4. Қазақ сахнасының шеберлері (2010) Алматы, «Таңбалы». – 504 б.
5. Mitchell Ch. (2014) Theatrical Worlds. University Press of Florida. – 270 p.
6. Бел-белестер (1987) Құрастырған және арнаулы редакциясын жүргізген Құндақбайұлы Б. Алматы: Өнер. – 288 б.
7. Сығай Ә. (2014) Толғам (Театр туралы толғаныс). Алматы: Парасат. – 392 б.
8. Мұқан А. (2019) Театрда туған толғамдар. Зерттеулер, мақалалар, рецензиялар. Алматы: «Балауса» баспасы. – 386 б.

Особенности создания образа современника актера А. Боранбаева

М.Б. Жаксылыкова

Казахская национальная академия искусств им.Т.К. Жургенова, Алматы, Казахстан
topjargan@mail.ru

В статье рассматривается актерское мастерство народного артиста Казахстана, выдающего актера театра и кино А. Боранбаева. Его своеобразие в создании современного сценического образа определяется путем анализа ряда ролей. Актерские способности А.Боранбаева были проанализированы в связи с его особым отношением и вниманием к сценической речи. Сделана попытка анализа поисков сценической выразительности актера. Оценивается весомый вклад актера в развитие казахского национального сценического искусства. А также, проанализировано влияние творчества актера на современное национальное исполнительское искусство. Обобщается большой вклад А.Боранбаева в казахскую национальную культуру.

Ключевые слова: А. Боранбаев, театр, творчество, спектакль, сценография, режиссер, актер.

Features of creating the contemporary image actor A. Boranbayev

M.B. Zhaksylykova

T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
topjargan@mail.ru

The article considers the acting skills of the people's artist of Kazakhstan, outstanding actor of theater and cinema A. Boranbayev. His originality in creating a modern stage image is determined by the analysis of a number of roles. A. Boranbayev's acting abilities were analyzed in connection with his special attitude and attention to the stage language. The significant contribution of the actor to the development of the Kazakh national stage art is estimated. And also, the influence of the actor's work on the modern national performing arts is analyzed. A. Boranbayev's great contribution to the Kazakh national culture is summarized.

Keywords: A. Boranbayev, theater, art, classic, performance, set design, director, actor.

Редакцияға 07.12.2019 түсті.